

Общественные науки

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 5, Number 303 (2015), 145 – 155

UDC: 101.3, 321.7

Theoretical and methodological basis of the study of the history of the Kazakh philosophy

Kasabek A.K.¹, Nisanbayev A.N.², Nurmuratov S.E.²

¹Zhetysu State University named after I. Zhansugurov

²Institute for Philosophy and Political Science, Religions Studies of SC, MES RK,
K-alikenova@mail.ru, Baurkz_8888@mail.ru, s.nurmuratov@mail.ru

Key words: Kazakh philosophy, enlightenment, spirituality, history, idea, independence.

Abstract: Conceptually the ideological basis of research of the Kazakh philosophy should be the historical and philosophical comprehension of the ethical and axiological content Turkic and Kazakh worldview, a certain historical rationality, the mentality and values of the people.

In a research project with a holistic and systematic analysis of ethical and axiological content Turkic and Kazakh philosophy defined features of historical rationality, mentality, ideological orientations of the Kazakh people.

For the first time in Kazakhstan and world philosophy introduces a holistic view of the nature of the Kazakh philosophical thought in the historical processes that use it, which allows a fundamentally new insights into the nature ethnophilosophy. Features of ethnophilosophy is that it is ongoing spiritual continuity, which is still represented in the research surveys and discrete surface.

In this spiritual continuity of the people is fundamentally different from a simple sequence of historical events, literally in every way - from the mythological concepts of the Turkic world to form a holistic vision of the Kazakh ethnic group in the ethnic and cultural development. In addition, based on these new approaches to historical and philosophical studies, stated the importance of understanding the world that meets the criteria for a specific integrity, completeness of the explanatory effect of problems and vitally meaningful prospects of the ethnic group.

ӘОЖ: 101.3, 321.7

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІН ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

А.Қасабек¹, Ә.Нысанбаев², С.Нұрмұратов²

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісүй мемлекеттік университеті

²ҚР БФМ ФК Философия, саясаттану және дінтану институты

K-alikenova@mail.ru, Baurkz_8888@mail.ru

s.nurmuratov@mail.ru

Түйін сөздер: Казақ философиясы, ағартушылық, руханилық, тарих, идея, тәуелсіздік.

Түйіндеме: Қазақ философиясын зерттеудің тұжырымдық-дүниетанымдық негізі түркілік және қазактық дүниені түсінінің этикалық және аксиологиялық мазмұнын тарихи-философиялық пайымдау, халықтың тарихи рационалдылығын, ділін және құндылықтың бағдарларын анықтау болып табылады.

Алғашқы рет қазақстандық және әлемдік философияда тарихи процестегі қазақ философиясының

тұстасанған табиғаты жөнінде түсініктер ғылыми тұжырымдалды. Ол этнофилософияның мәнінде жаңаша кейіпте қарауга мүмкіндіктер береді. Оның ерекшеліктері әзірге ғылыми зерттеулерде үзіктенген сипаттаған бейнеленіп жүрген рухани сабактастықты нақты қарастырумен байланысты екені пайымдалды.

Дегенмен, халықтың рухани сабактастығы жайғана тарихи оқиғалардың тізбегінен айырмашылығы болады, ол этномәдени дамудағы түркі әлемінің мифологиялық түсініктірінен қазак этносының біртұстасанған дүниетанымының қалыптасуына дейінгі үрдістерден байқалады.

Жоғарыда аталған жаңа қозқарастардың арқасында философия тарихынан зерттеулерде дүниені пайымдауларда нақты тұстастық, мәселелерді түсіндірудегі толыққанды және этностың болашағына байланысты өмірмәндік өлшемдер бағамдалды.

Ұлы өзгерістер мен қоғамдық дағдарыстар тұсында кез келген халық өзінің мәдениеті мен өркениеті даму барысында, оның тарихи тағдыр талабына мән беріп, ой толғантқаны жөн. Өйткені өркениеттің дамуы және өркениет-тердің өзара бәсекелесуі қоғамның, мемлекеттің, жеке адамның өмірі мен тұрмысына жаңалықтың жаңа лебін әкеліп, жаңап әлеуметтік ахуал қалып-тастыруы әбден ықтимал. XXI ғасырда орын алғын сол әлемдік өзгерістер міндетті түрде қазақ қауымын да қамтитыны анық. Қоғамның бір күйден екінші күйге ауысуындағы ахуалды тікелей өз мұддесіне сай пайдалана отырып, қазақ қоғамына діни-идеологиялық, рухани-әдептік экспансия жүргізіп жатқандығы сырт көзге байқала бермейді.

Бұгінгі қазақ қауымының кез келген адамы өзінің шама-шарқы жеткенше батыс өркениетінің материалдық және рухани қазыналарына ие болуға қол жеткізіп отыр. Біздің қоғамда жекелеген әлеуметтік топ өкілдері қоғамның акпараттық психологиялық деңгейіне ақлиқаттық-әдептік сипаттағы ықпалын жүргізе алғын мүмкіндікке ие болды. Батыс қауымын дендел тарап отырған осы дерттен қалай аман алып қалу мәселесі өте қатты толғандырады.

Осылан орай еліміздегі экономикалық мәселелердің шешімі табылады. Ал рухани қазыналарына орта жолда айрылып қалмай, оларды қайта жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу көкейтесті мәселе. Шығыс елдеріндегі кез-келген рухани-әдептік мәселелерді анықтау әрі оларды насиҳаттау, оның құндылығын өз халқымызға түсіндіру, пайдалану ұлттымыздың ділін нығайтуға мүмкіндік береді.

Шығыс халықтарының бір өкілі: қазақ халқы – жас халық. Ол өзін-өзі толық танып болған жоқ, өз құдіретін сезініп, түсініп өзін өзгеге әлі толық таныта қойған жоқ дегенді тілге тиек етеді. Шығыс мәдениеті мен Шығыс дүниетанымы ерекше дүние, оған жаңаша қозқарас керек. Қазіргі танда мұсылмандың әлемінде дамудың өзіндік моделін іздеу үрдісі әлі жалғасып жатқан көрінеді. Оның мәні – Шығыс өркениетінің ұстындарын негізге ала отырып, басқа өркениеттердің ғылыми-техникалық және мәдени жетістіктерін толық игеріп, оны өз рухани қажетіне пайдалану. Еуропа жолымен дамуға әлі нақты балама табыла қоймаса да, бірқатар мұсылмандар елдері қоғамды жақсарту барысында ертеден қалыптасқан дәстүрлі қатынастың, әдет-ғұрыптың сакталып қалуына жете көніл бөліп, батыска еліктеуге жол бермей келеді. Халықтың мындаған жылдар бойы жинақтаған асыл қазынасының, зердесі мен дәстүрлі өзіндік мінез-құлқы мен жан дүниесінің, философиясы мен мәде-ниетінің, XXI ғасырда да қазақ қоғамының дамуында атқаратын рөлі мен маңызы өлшеусіз болады. Дүние жүзінде қазақ халқы тек Ұлы Даңадағы мәдениеті, өз дәстүрі, өз рухани байлығы арқылы ғана таныла алғындығына ешкім де күмән келтірмейді.

Ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалып-тасқан іргелі халықтардың бірі қазактар ғасырлар бойында жазба әдебиеті болмаса да, өзіне тән өте бай рухани мұра жасай білді. Ал жазба әдебиет пайда болғаннан кейін бұл мұра үлкен қарқынмен дами отырып, әрқылу ерекшеліктері бар күрделі тарихи жолдардан етті.

Осы рухани мұра жүйесінде қазақтың ертедегі философиялық ойлау және пайымдау элементтерінен бастап қазіргі замандағы толықсан философиялық теориясын түгелдей қамтитын халықтың философия тарихы ерекше орын алады. Оның негізгі бағыттары – тұрпайдиалектикалық ойларды, дүниеге шынайы турдегі қозқарасты, діни танымын және басқа да еркін ойлау процестерін, ақлиқаттық мәселелер мен адам туралы ілімдер, күш көрсетпе идеясын және оның күш көрсету саясатына қарсы бағыттарды насиҳаттау, т.б. мәселелер болды.

Ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, айтыскерлер мен ертекшілер, билер мен серілер - бәрі де өздері өмір сүрген заманың объективті құбылыстарын тілге тиек, ойға өрнек етіп, әртүрлі деңгейде, бірақ, жалпы алғанда, жартылай даму

тенденциясы шенберінде қазақ халқының қоғамдық-саяси, рухани-мәдени, сайып келгенде, философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасады. Олар - аныны реализм, білімнің негізгі жақтары еркін ойлау, деистік және пантеистік көзқарастар, адамгершілік, ізгілік, имандылық, зорлық-зомбылыққа қарсы күресу, құқықтық, саяси және философиялық жақтары, мемлекет, қоғам, жеке адам мәні, тағы басқалар еді.

Осы аталған көзқарастар сынаржаққа, консерватизмге, тоқыраушылыққа және білімсіздікке, қазақ халқының прогрессивті дамуына кедергі болатын басқа да, кемшиліктеге карсы бағытталады. Бұл да қазақ философиясының қалыптасуы мен дамуының өзінше ерекшелігі деп айтуға болады.

Қазақ философиялық ойының тағы да бір ерекшеліті - шынайы отансүйгіштігін, халқына сүйіспеншілігін, оның ұлттық мұддесі мен болашағын жан-жақты көрсете білуі.

Әрине, қазақ философиясы әу бастан-ақ аяғынан тік тұрған, бірден қалыптасып кеткен жүйе деген пікір тұмаса керек. Біртұтас көзқарас, дүниені жан-жақты танып-білу, оның заңдылықтарын, таным процесін, әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіну, ойлау тұрлерінің жүйесін анықтау, негізінен, алғанда кейінгі ғасырлардың үлесіне тиеді. Дегенмен халықтың ақындық мұраларында қоршап тұрған табиғат пен әлеуметтік орта туралы ойлаудың біршама жиынтығы болды. Оны жүйелі, толыққанды дей алмаймыз. Бірақ адамдардың өмірлік тәжірибесін, халық даналығын көрсетудің философиялық мәні бар екені даусыз. Ойлау тәсілі ерекше, шығармашылық жолы мен шығармалардың сақталуы ауыз әдебиетіне тән, тез жаттап алу, оны есінде сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа өзгертуп, жоғалтпай, «жеделдете» жеткізу - бұл философия тарихындағы ғажап құбылыс.

Халқымыздың өмірін бейнелеген, адамдардың түйсігін, ойларын, өскелең талабын көрсете білген фольклорда объективті шындықтың элементтері бар екенін байқаймыз. Халық эпостары, өртегілер, аныздар, лирикалық-тұрмыстық поэмалар, макалдар мен мәтелдер адамдарды, табиғи және әлеуметтік құбылыстарды, саяси-экономикалық жағдайларды, ізгілік мақсаттарды өз уақытына сәйкес танып-білудің дәлелі. Ауыз әдебиетінің ескерткіштеріндегі халқымыздың танымдық, әлеуметтік өмірді тікелей бейнелеу, дүниенің құрылымы, оның жасырын күштері туралы тұрпайы түсінігі қазақ философиясының бастапқы кездегі деңгейі еді. Ол кезде жүйелі және негізделген көз-қарас болған жоқ, сондықтан да философияның басты бағыттары да айқындалмаған еді.

Қазіргі кезде көптеген халықтардың философиялық мұраларын тарихи- философиялық ғылым арқылы зерттеу тәжірибелі ұлт философиясының қалыптасуы, дамуы және қазіргі бағыттары зерттеудің теориялық және әдіснамалық мәселелерін топтастыруға, ойларды тұжырымдауға мол мүмкіндік береді.

Қазақ философиясының тарихы - халық тарихының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Онда ғылыми таным процесі мен халықтың идеялық ізденістері, бай тарихы мен ұлттық ойлау айшықтары көрініс тапқан. Қазақ философиясы - халқымыздың тарихын жан-жақты түсіну үшін үлкен негіз және әдіснамалық құрал. Ол қоғамдық сананың басқа тұрлерімен тығыз байланыста болады. Сондықтан оны зерттеп, үйренбейнше қазақ ғылымының тарихын, саяси идеологиясын, өнерін, әдебиетін, адамгершілік қағидаларын, діндарлығын және т.б. пайымдау мүмкін емес. Халықтың ұлтазаттық қозға-лысымен біte қайнасқан қазақ философиясы ғылыми құндылығымен қатар, жоғары азаматтық қасиетімен, әлеуметтік әділеттікке жету жолдарын тікелей іздеуге атсалысуымен, өзінің жемісті жетістіктерімен ерекшеленеді.

XX ғасырдың сонына дейін қоғамтану ғылымдарында әлеуметтік процестерді тану тәсілі ретінде таптық редукционизм орын алғып, яғни барлық қоғамдық-рухани, мәдени, саяси, т.б. құбылыстарды таза таптық негізде пайым-дау тәсілі үстем болды. Бірін-бірі жоққа шығару логикасы өмірдің объективті логикасын ығыстырып, жұтандатып көрсетуге әкеліп соқты. Қазіргі кезде жалпы адамзаттық айшыктар, идеялар ең жоғары құндылықтар есебінде танылғаннан кейін философия тарихын зерттеудің ауқымы да кенейді, бағыттары да нақтылана түсті. Соның бір мысалы ретінде кезінде «таптық күрестін» құрбандары болып кете барған қазақ халқының аяулы азаматтарының – әдебиетшілер, сазгерлер, философтар, ақындар, саясатерлердің есімдері ортамызға қайта оралды, сондай-ақ өз ортамызды қайта жаңғыртуы, философиялық ортаға жаңа идеялардың қосылуы және олардың тарих толқынындағы қазақ философиясы тарихының жаңа беттерін ашуға тигізген жан-жақты әсерін атап айтуда болады.

Халықтың сана-сезімінің өсуі, тоталитарлық империяның күйреуі, жас тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы, философиялық ойлау мен пайымдаудың жаңа түрлері адамзаттың тұтастығы мен ерекшеліктерін, достық пен алауыздықтың айырмашылығын, халықтар тағдырының ажырамас бағыттарының тарихи шындықтарын терең де мазмұнды ашып беруіне көп септігін тигізуде. Осы тұрғыдан алғанда, біздер дүниежүзілік қоғамдастыққа қазақ халқының терең де тұнғылғы философиялық ойларын, оның шынайы болмысын және тән мәдениетін көрсете біліуіміз керек. Бұл мақсатты іске асыруда бұрыннан қалыптасып, сіресіп қалған ұғымдар мен қағидаларға сын көзбен қарап, оған жаңа әдіснамалық шешімдермен келуіміз керек.

Қазақ философиясының қөкейкесті мәселелерінің бірі - философияның пайда болу мәселесі. Қазіргі уақытқа дейін әлемдік философияның тарихында осы мәселе талай пікірталас туғызып жүр. Біріншіден, философияның дәл шыққан мерзімін белгілеу өте қын. Екіншіден, философия деген ұғымның өзіне дәл анықтама беруге осы кезге дейін толық қол жеткен жоқ. Үшіншіден, қазақ философиясына келетін болсақ, оның жазба түріндегі классикалық тұжырымдар мәтіндері жоқтың қасы.

Әлемдік философияда үш ошақтың (Қытай, Үнді, Грекия) шамалас бір мерзімде пайда болғанын білеміз. Ол орталықтар философияның әлеуметтік кеңістігіндегі жоғары деңгей еді және теориялық ойлаудағы дүниенің өзін жеке тұтас ретінде бейнелеген алғашқы жүйелер болды. Философиялық ойдың тууына белгілі бір шарттар қажет. Олар әлеуметтік, теориялық-тәнімдік, тарихи шарттар десек, тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұл өркө-ниеттің ұзақ дамуының жемісі болып шығады.

Жалпы қалыптасқан көзқарасқа сүйенсек, онда философия экономикалық, саяси және идеологиялық жағынан нашар дамыған, ертедегі құл иелену-ші қоғамда әрі сол қоғамның жоғары сатысына өту кезеңінде пайда болғанын тұжырымдайды. Дегенмен әлеуметтік философияның пайда болуының тек тиісті жағдайларын түзейді.

Қалыптасып келе жатқан қоғамдық қатынастарға қолдау көрсету немесе заңдастыру философияның алдындағы негізгі міндеттердің бірі. Әлеуметтік институттар мен қоғамның құрылымы осы қатынастарды нығайтуға бағытталып, философия өзінің аталған міндетін орындауға күш салады.

VI ғасырдан бастап Қазақстанның қазіргі аумағында алғашқы қауымдық құрылыш ыдырап, оның орнына феодалдық әлеуметтік-экономикалық формация орныға бастады. Осы уақыттан бері барлық әлеуметтік өзгерістер оның ішінде сана ауқымында, феодалдық формацияның ішкі заңдылықтарымен айқындалады.

IX-XV ғасырлардағы Қазақстан жерінде орналасқан тайпалар, олардың көсемдері өз биліктерін, басқару органдарын тәнірінің өзі берген күш ретінде есептеді. Оған қазақ философиясының жүйесіндегі кездесетін аксүйектер әулеттерінің «генеалогиясы» дәлел. Кейінректе осы аталған идея биліктің заңды «табиғаты» күштілерді ғана қалайды деп, одан кейін де адамдардың әдест-ғұрпана, заңдылыққа, өнерге табынды. Осыдан келіп философияның пайда болу процесі әлеуметтік жағдайлармен қатар сол кездегі адам ойының даму процесімен тығыз байланыста болғанын көреміз.

Философияның пайда болуының тарихи алғышарты аныз делінеді. Бірақ оны философия эпос арқылы өзгерген және жүйеленген кезінде ғана пайдаланады. Әрбір заманға байланысты эпос аныздың түрін өзгертіп отырады және сонымен қатар өнер мен бастапқы ғылым элементтерінің әсерімен философиялық шығу процесін, оның қоғамдық сананың шығу және жаңа бір түрі ретінде қалыптасуын жеделдетеді.

Аныздық көзқарас пен табиғат және қоғам туралы жаңа дамып келе жатқан ғылым элементтерінің арасындағы қайшылықтарды шешу философияның пайда болуының жолы деген де тұжырымдар бар. Философия анызға тән дүниеге тұтас көзқарас бағытын сақтауға ұмтылады. Соның негізінде не аныздық, не аллегориялық (деректі) - көркем, не символикалық - діни, не нақты - ғылыми ойлау, бірақ олардың әрқайсысынан қабылданған түрлеріне сыймайтын, жаңа түсініктегі ойлау мен пайымдау түрлерін құрайды.

Белгісіз дүниені түсіндіруге ұмтылудан гөрі белгісіздігі мол дүниені танып білуге ұмтылу, егер де ол дүние тіпті танып білуге мүмкіндік бермесе, тәнірге немесе құпия ғаламат құшке табыну аныздың өзіне тән ерекшелігі. Адамға әлеуметтік басқару жүйесін танып, оны түсініксіздену

әлдебір күштің әсерімен түсіндіру ғылым мен дамудың барысында оған сенбекеушілік пайда болған жағдайда жеке адамға өзінің дүниеге көзқарасын өзгерту мүмкіндігін жетілдіру – бұл аңыздан философияның салмағын ажыратудың бір жолы. Ақылмен ой қозғау, табиғаттың өзіне бет бұру, дұрыс көзқарастың қалыптасуы философияның пайда болуындағы теориялық жинақтау, бастапқы қайшылықтардың шешілу процесі.

Қазақ философиясының пайда болуы туралы тек ойшылдардың дүниеге көзқарасы жалпылықты, көзқарастың әмбебап ұстындарын немесе «бастауларды» анықтаудағы заңды бағыттары болған кезде ғана айтуға болады. Діни-аңыздық тұжырымдар әдет-ғұрып пен беделге бой ұрса, философия заттар мен құбылыстардың, оқиғалардың мәнін ашуға, пікірсайыс ретінде қолданылатын рационалды ойлауға, дүниені танып білудегі қайшылықтарды аңғару мен шешуге негізделеді. Бұл әрекет адамның жанжақты ойлауы және оның санаткерлік сезімталдығымен - бірегей ұштасуы нәтижесінде туады.

Қазақ тарихына зер салсақ, онда көп кездесетін «рулық» генетизм осы қоғамның әлеуметтік, таптық белінің және «ақсүйек» рулар пайда болған кезінде күштегенін көреміз. Соңғылардың қоғамдағы «заңды» орындары олардың төркіні құдайдан немесе батыр бабаларынан басталады деп түсіндірлі. Сөйтіп олардың әлеуметтік дүниенің қажетті және заңдастырылған белшегі ретінде қоғамдағы белсенді рөлі орынды. Осы рулардан шыққан ойшылдардың әлеуметтік идеялары қоғамның даму үрдісін біршама дұрыс бейнелейді. Осыдан келіп олардың көзқарасы ғана емес, қоғамның тарихи дамуының мұддесіне сай келгендейтін қоғамдық пікір ретінде қалыптасты. Мысалы, Теле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы басқа даналардың ойлау жүйесі, ақыл-кенесі, айтқан тұжырымдары осыған дәлел бола алады.

Әдетте, қоғам дамуының көп сатыларында экономикалық мұдделер мен саяси қызметке қарағанда, алдыңғы орынға философиялық, әдептік, діни және т.б. проблемалар шығады. Олар азаттық және адам еркіндігі, діни сенім және ақыл-ой, өмір сүру және адамгершілік касиеті, бостандық пен құлдық, тіпті «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» «алтын ғасыр» және «ақыр заман» туралы және басқа мәселелер. Бұлар жұп санаттар ретінде де, немесе жекелей қазақ ойшылдарының көзінен таса қалмаган. Осы мәселелерді тиянақты ойластыру арқылы олар экономикалық, соғыс және саяси дағдарыстарды шешуде үлкен рөл атқарады.

Қоғамдық ойдың көптеген мәселелері өзінің ауқымы жағынан ұлттық шенберден асып түседі. Мәселен, ағартушылық бағыты таза ұлттық қасиетке ғана ие емес, керісінше, оның түрі, ұлттық ерекшеліктеріне әлемдік тәжірибе-мен астасып жатады. Қазақ ағартушылығы жалпы ағартушылықтың бір түрі, оның ерекшеліктеріне: ұлттық мәселені басты проблема етіп қоюы, қоғамдық практикамен тығыз байланысты болуы, атеизмге ұласпаған антиклерикальдық бағыт ұстануы жатады.

Соңғысы жалпы ағартушылықтың әлеуметтік табиғатына сай келеді. Жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақ буржуазиясының ой-өрісін көрсете отырып, бұл ағартушылық халықтың ұлттық сана-сезімін оятуға, бостандыққа, рухани азаттыққа жетуіне жәрдемдесті. Оның Қазақстанда қалып-тасып, дамуына феодализмнен капитализмге өту барысында шыққан демократиялық элементтері, халықтың ауыз әдебиеті мен фольклоры негіз болған. Жалпы әлемге тән ағартушылыққа келетін болсақ, ол алдымен кейір заман-ның әлеуметтік-саяси және идеологиялық сұранысына сәйкес белгілі бір аймақта пайда болып, басқа аймақтарға тарай береді.

Қоғамдық ойдың ұлттық және әлемдік қарым-қатынасы қазіргі заманда, әлеуметтік қақтығыстар мен мемлекетаралық қайшылықтар бүкіл адамзатты қамтып отырған кезде ең маңызды мәнге ие болып отыр. Оның әлеуметтік және мәдени-психологиялық алғышаррттары ретінде қоғамдастықтың қалып-тасуын атауға болады. Қоғамдастық - бұл өзінше бір тарихи институт, оның пайда болуы арқылы қоғам өз мәніне ие болуға қабілетті. Осы ұғым қоғамды құрушы қүштердің әлеуметтік белсенділігін, өзін-өзі көрсете білуді бейнелейді.

Біздің ойымызша, қазақ философиясында қоғамдық ой үш кезеңден өтті. Олар - қоғам, қоғамдастық және қоғамдық пікір. Осы мәселенің өзі арнағы жеке зерттеуге лайықты.

Қоғамдық ой білімді, сананы және өзіндік сананы қамтиды. Санан мен өзіндік сана біліммен өзектес жүреді, сонымен бірге оның түрлері де болып келеді. Білім сананың өмір сүру тәсілі, ол өзіндік сананың әр кезеңдегі ең жоғары шыны болып табылады. Қоғам дамуының белгілі-бір кезеңінде осы аталған үшеуінің бірі алға шығып, жетекші рөл атқарады.

Қоғамдық ойдың бір бөлігі ретінде халықтық философияның және халықтық саяси көзқарастарын айту керек. Адамдардың құнделікті іс-тәжірбесін даналықта қолданып қана қоймай, оны ой елегінен өткізіп қорытын-дылайды. Ойшыл озық идеялардың эсерімен осы құнделікті көргенбілгеннен терен де ауқымды ой түйеді. Нәтижесінде жоғары деңгейдегі ойлау сатысына көтеріледі және оқиғаларға философиялық, логикалық және ғылыми көзкарас қалыптасады.

Казіргі әдебиетте философия және қоғамдық ойды бөліп қарамау белен алғы кетті. Бұл, әсіресе, қазақ философиясы тарихына арналған өткен ғасыр-дың 50-80 жылдардағы зерттеулерде анық байқалды. Философия тарихы өзінің сапалық ерекшелігінен айырылып, саяси идеялар тарихы төнірегінде қалып қойды. Бұған философияны, оның тарихын дұрыс түсінбеу себеп болды.

Қазақ тарихының белгілі-бір қеңістік – уақыт өлшемінде философиялық құбылыстарды үш белеске немесе үш кезеңге бөліп қарасты болар еді. Біріншісін әуелгі философия деп аталық. Оған объективтілік пен субъективтілікті өте нашар ажыратада білетін сана тән. Оның негізінде ойлау жүйе-сінде қайшылық аз болса, онда қажетті дәлелденген теория құру мүмкін болмайды. Ол психологиялық образ, қүйбен тірлік, эмоция деңгейінде үзік-үзік ойлар ретінде қалып қояды. Атап да элементтерді аныздық-көркемдік әдіспен жасаудың арқасында дәл сол кезеңге сәйкес өзіндік семантикалық тұтастық пен семантикалық бірлік орнықтыруға мүмкіндік туады. Осы құбылыс қазақ философиясы тарихының ерте кезеңнен бастап XII ғасырға дейінгі кезеңдеріне тән болды.

Екінші белес – философиялық кезең деп атауға лайық. Оған объективтілік пен субъективтілікті жоғары деңгейде ажырататын сана тән. Оның негі-зінде санаттар мен түсініктерді, формальды логикалық амалдарды қолдану арқылы теория мен тұжырымдамалар жасалынады. Басқаша айтқанда, ойлау дәрежесінің ауқымы ұлғайып, қоршаған дүниені, қоғамды және адамды дұрыс бейнелеу белесіне жету еді. Осы құбылыс қазақ философиясы тарихы-ның XIV ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезеңді қамтыды.

Ушінші белес теориялық-әдіснамалық жолмен пайымдаған, классикалық жүйеге ие болған және әлемдік рухани-байлықпен ұштастырылған кезең-ді қамтиды.

Казіргі замандағы қазақ философиясын, оның өзіндік тарихын қазақ философиясының метатарихы деп атаса да болар еді. Мұның ерекшелігі зерттейтін объектісі осы заманың ауқымынан шығып, өткенді, келешекті, қазіргіні, жүйелі түрде рационалды ойлау процесінен өткізіп, екшеу. Соңдықтан ол өн бойында жана үлгідегі ойлау мәнерін таразылауды, сақтау мен жаңартуды жүзеге асырады.

Жоғарыда айтқан идеяларға сүйене отырып, қазақ философиялық ойларының қалыптасу бастаулары хронологиялық және мәндік жағынан үш кезеңнен тұрады дер едік. Бірінші кезең рулық құрылыш ұstem болып тұрған уақытты және соған сәйкес келетін әуелгі философиялық (философияға дейінгі) сананы қамтиды.

Екінші кезеңге ортағасырлық, хандық және бодандық дәуірдегі философиялық ілім және мұрасы мен еңбектері жатады. Оларды саналы түрде ауызаша-жазбаша ғылымға дейінгі және теориялық пайымдаулары орнықкан әртүрлі бағыттағы көзқарастар деуге болады. Қалыптасқан пікірлерді ескере отырып нағыз философиялық тұжырымдамалар деп атауға болады. Себебі ойшылдардың дүниеге көзқарастары олардың өздерінің ерекшеліктері арқы-лы әрқишли бағыттарға, жолдарға, қисындарға іштей бөлініп жатады. Негізгі көксеген мақсаттары әрқиши әлеуметтік топтардың мүдделерін жоктау, жақтау, көздеу немесе жою.

Ушінші кезең - XX ғасырдың басынан қазіргі уақытқа дейінгі қазақ философиясының негізгі ұстиндары, даму жолдары, жеткен бігігі мен алынбай қалған асулары, жіберілген әдіснамалық, теориялық және тұжырымдық қателері, «актаңдақтар». Талдауға жататын мәселелердің бастылары – қазақ қоғамының экономикалық, саяси және рухани өміріндегі негізгі фило-софиялық мәселелер. Сонымен бірге жаңадан қалыптасып келе жатқан ғы-лым - қазақ философиясының тарихын қай тұрғыдан, қай теориялық деңгейден зерттеуіміз керек деген мәселе қазіргі кезде елеулі мәселеге айналып отыр.

Философия тарихы әдіснамалық негізгі бір мәселесі - жалпылық пен даралық қатынасы, ерекшеліктің орнын табу және сол ерекшеліктің дарага тән қасиеттерін анықтау. Былайынша айтқанда, жалпылық, ерекшелік, даралық диалектикасын ұлттық философия тарихы шенберінде

таразылау болып табылады.

Қазақ философиясының даму тарихында өзіне тән қалыптасқан, өнеге тұтатын басқа ұлттар философиясынан, өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың негізінде қазақ халқының әлеуметтік тарихының, оның өзіне тән қылы-қылы бұраланған дамуының жолдары жатыр. Себебі оның алғашқы қауымдық құрылыштан тікелей феодализмге, одан капитализмге сокпай социализмге өтуі көп жәйтті аңғартады. Соңғысы, қазір белгілі болғандай, тарихи қателік еді. Адамзаттың даму процесіндегі данғыл жолдан тайған тоталитарлық жүйе философиялық ойды да тығырыққа тіреді. Ал феодалдық қатынастар Қазақстан аумағында көптеген ғасырлар бойы үстемдік етті. Капитализмнің дамуы XX ғасырдың басында біршама қарқын алғанмен, кенеттен үзіліп қалды. Осындағы әлеуметтік ерекшеліктер қоғамдық сананың, оның ішінде философиялық сананың қалыптасуына әсерін тигізбей қоймады. Қазақ философиясы – қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және заңды жалғасы. Қазақ мәдениеті тарихтың әрқиң кезеңдерінде іргелі елдердің мәдениеттерімен біршама байланыста болып, олардан тікелей немесе жанама түрде серпін алып отырды. Мұндай сыртқы әсерлер қазақ мәдениетінің ішкі мұдделеріне, оның тарихи қажеттілігіне, қандай мәселелерге зәру болуына байланысты, өз пайдасын тигізіпте отырды. Осындағы ерекшеліктер қазақ философиялық ойлау жүйесін қалыптастырып, ұлттық дәстүрлер мен бағыт-бағдарларын орнықтыруды.

Қазақ философиясы әлемдік философияның бір бөлігі. Философия тарихына шынайы көзқарас қазіргі кездегі оның құрамында әлеуметтік кеңістік жағдайын ескерсек, үш түрлі құрамдас бөлігі бар екенін көрсетеді. Олар - ұлттық философия, аймақтық философия және әлемдік философия. (Аймақтық философияның класикалық түрі – марксизм, ал әлемдік философия әлі қалыптаса койған жок). Қазақ философиясында осы аталған философияның әсерлері әртүрлі болды. Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырдағы орыс философиясы маркстік философия және әлемдік философияның кейбіреулері тікелей әсер етті. Өз тарапынан қазақ философиясының оларға ықпалы да болмады деп айта алмаймыз. Бұл өзі жеке зерттеуді қажет ететін мәселе. Нәтижесінде, жоғарыда айтылған, философия тарихы дамуындағы жалпылық, ерекшелік және даралық диалектикасын ұлттық философияның өзекті мәселелері зерттегендеге көміл ұстану – әдіснаманың бірден-бір сұранысы деп айтуға болады. Халықтық қоғамдық сананың дамуы барысында философиялық дәстүрлер қалыптасып, күшейе түседі.

Қазақтың әлеуметтік дамуының ерекшеліктеріне, тарихи өзгешеліктеріне қарамастан, қазақ философиясы тарихында оның әр кездегі сатысында өзінше дамып отырған философиялық ойлардың ішкі байланысы бар екенін және олар бірін-бірі заңды түрде алмастырып отырғанын анықтауға болады. Ұлы Абай айтқандай, «Адам бол!» идеясы – бұрынғы фольклордан бастап осы заманғы қазақ философиясына тән ортақ және ұдайы дамып келе жатқан идея.

Әл-Фараби философиясына тән ортақ дәстүрлермен қатар оның өзінің ішкі бағыттары да бар. Өткен ғасырдың 60-80 жылдардағы қазақ философиясындағы жаңадан қалыптасқан зерттеу бағыттары ұлттық тарихымызды, мәдениетімізді жан-жакты және терең түсінуімізге қажетті жағдай жасады.

Осы ретте қазақ философиясы тарихында жиі кездесетін әлеуметтік бос қиялшылдық туралы да айтпасқа болмайды. Жалпы әлеуметтік утопизм дегеніміз - бұл жеке және қоғамдық сананың сындаржақ ойлау тәсілдерімен образ - тұжырымдама жасау арқылы жана түрдегі әлеуметтік ілімге ұмтылуы. Ақын-жырау, билер мен көсемдер, ағартушылар мен философтардың көпшілігіне тән бұл құбылыстың негізгі гносеологиялық айшығы саналық пен санасыздық, эмоция мен таза ойлау, білімсіздіктің төменгі дәрежесімен қалыптасқан білім дәрежесінің шекараларын ажыратса білмеу, оларды жекекеке асыра дәріптеу деп білеміз. Осыған қоса утопизмге тән тағы бір айшық - ол ойлау дәрежесінің төменгі сатыдаған саралануы. Осыдан барып әрбір жеке дара ойшылдың өз қабілетімен жасалған сыртқы дүниенің көрінісі аңғарылады.

Әрбір ойшылдың әлеуметтік шындыққа дұрыс немесе бұрыс қатынасы оның өзі қабылдаған философиялық, теориялық-әдіснамалық ұстындарына байланысты. Ондай құбылыстар әлемдік философия тарихында кездеседі. Мәселен, Гегельдің «шындықпен табысу керек» деген идеясы дұрыс қатынасты, ал Сократтың «майевтикасы» бұрыс қатынасты білдіреді.

XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлері А. Байтұрсынов, Ә. Бекейханов, М. Шокай және басқалары өмірдің обективті жағдайларын өзгертуге

күшпен емес, сол процеске сананы енгізу арқылы өзгерту керек деп уағыздады. Олардың негізгі идеялары – бостандық, тәуелсіздік, отаршылдық өзгіден құтылу жолдары және қазақ халқын жалпыадамзаттық құндылыққа жақындау болды.

Сонымен өткен ғасырларда өмір сүрген даналарымыздың халықты үнемі рухани-адамгершілік бағдарларға шақырып отырған. Әл-Фараби замандастарына «қайырымды, ізгілікті қаланың» қажеттілігін айтса, Жүсіп Баласағұн қоғамда әрбір адамның әділетті болуын көксеген, Абай пендеге арнап «Адам бол!» деп нақты кенесін берген, Шәкәрім болса, ар-ұяттан, ұжданнан әлеуметтік болмыстың, адам өмірінің түп қазығын іздеген.

Әрбір ұлттық мәдениет өзінің дамуында руханият дүниесіне сүйенеді. Әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып-білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын филосо-фияллық-этикалық ойлар мен тұжырымдар жеткілікті болғаны белгілі. Мәселе сол рухани інжү-маржандардың қадірін біліп, қаймағын бұзбай қазіргі күр-делі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтап алуша және оны әрбір жаңадан келетін жас үрпаққа рухани сабактастықпен жүйелі түрде бере білуде болып отыр. Осы жауапты істі абыраймен жүзеге асырған жағдайда ғана еліміздің Еуразиялық кеңістіктері өзіндік ерекшелігі бар халық ретіндегі мәртебесі өседі, басқа халықтар алдындағы құрметтімізді асқақтата түседі. Өйткені, өзінің тарихта кордалған маңызды рухани құндылықтарын, бай дәстүрлі этикасын құрметтеген, аялаған, өрбіткен ел ғана және оған жаңа жаһандану заманда өзіндік жаңғырту бедерлерін, келбетін бере білген халық ғана адамзаттың өркениеттік аренасында шынайы және лайықты бағалануға ие болатыны сөзсіз.

Адамзат тарихының руханиятының ең маңызды түп негізі оның ақыл-ойынан, парасатты дербес ойлау тәжірибесінен байқалады. Ойлаудың ұғым-дық, түсініктік жүйеленуі әлемдік философиялық дәстүрдің жарқын көрінісі ретінде танылады. Жалпы адами эволюцияның өлшемі ретінде даналық, кісілік үлгілерін алуға толық болатыны анық. Осы тұрғыдан алғанда адамзат тарихындағы кез келген халықтан философиялық пайымдаудың үлкен жүйелі құрылымдарынан бастап өлшеуіл деңгейдегі тұжырымдар мен түсініктерден тұратын ерекше сілемдер аралығындағы мәдени көптүрлілікті анғаруга болады. Олардың барлығына әрқылы бағалау беріп, әртүрлі өлшемдер арқылы саралтаудан өткізу міндепті гуманитарлық ғылымдар алдында тұрған қасиетті міндепті. Дегенмен, негізінен, ойлау жүйесінің адами ұстындарының өзара ұқсастығына тәні боламыз және әрбір мәдениеттің өзіндік көріністерінің, ерекше сипаттарының бар екенін де мойындауға тиістіміз. Міне, осыған орай халқымыздың өзіндік ұлттық ойлау жүйесі, философиялық мәдениеті бар екеніне еліміздегі көрнекті ғалымдар өткен ғасырдың екінші жартысында тұбегейлі көніл бөле, философиялық мәселелер көсіби тұрғыда игеріле бастағы.

Ерине, қазақ халқының философиялық ойы жайлы еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері ғана толыққанды сипатта зерттеліп, қазақ және орыс тілдерінде бірталай енбектердің жарық көргені белгілі. Қазақ философиясы қазақ халқының өмір сүру, даму, бірігу және көркею философиясы. Философиялық ойлау тарихына деген көзқарас біржакты болмауы тиіс, ол әртүрлі бағдарлар мен түсініктердің сұхбатынан, өзара байланысынан қалыптасқаны тиімді. Сонда ғана жас үрпақтың шығармашылыққа деген талпынысы күшіе түседі, тарихи тұлғалардың дүниетанымдық жүйелері бойынша соны ойлар туындаиды.

Қазақ философиясы еліміздің рухани тәуелсіздігінің көрінісі және қазақтардың бірлігінің іштей рухани тірегі болып табылады. Ол адамзат тарихында ғасырлар бойы қалыптасқан әлемдік философияның ажырамас құрамас бөлігі екені белгілі. Құні кешеге дейін бұл тақырыппен байланысты мәселелердің барлығы мұқият бақылауда болып, көбісі тыйым салынған жабық тақырыптар қатарында болып келгені баршаға аян. Өйткені, социа-лизмнің ұстындары тек бір коммунистік идеяның төнірегіне шоғырланған-дықтан оған сәйкес келмейтін басқаша мағынадағы түсініктердің барлығын жоққа шығарып отырды. Тіпті, бұл тақырыппен айналысамын деген зерттеу-шілердің әрекеттеріне өткен қоғам «ұлтшылдықтың жалауын көтеру» деген үстірт бағалаулар беруге асыққаны да рас. Тоталитарлық қоғам қазақ философиясымен айналысамын деген азаматтардың осы мақсатта ұлттық ойлау жүйесін жаңдандыруға ұмтылғандарын да осындай бағалаумен шектеп отырды. Міне, осындай идеологиялық тұмшалаудың арқасында тарих сахнасында әртүрлі рухани тереңдіктердегі өздерінің даналыққа толы тұжырым-дарын бұқара халыққа жеткізген ойшылдардың шығармаларының мәтін түрінде қоғамда кең тарамай және ғылыми

зерттеулер түрінде өз бағалау-ларын ала алмай ондаған жылдар бойы уақыт өткізгені белгілі.

Қайта оралу философиясы – бұл философияның өзіне өзінің қайта ора-луы, өзінің рухани қайнар-бастауларына, ежелгі түркілік құндылықтарына, қайтадан тереңірек философиялық пайымдау мен зерделеу үшін өзіне өзінің қайта оралуы. Қазақстандық посткенестік философиялық рухани байлықты пайымдау – қазақ мәдениетінің терең қатпарларындағы өзіндік тұлғалық философиялық пайымдау сипатында көрініс бере бастаған философиялық үдеріс ретінде танылады.

Сонымен, «қайта оралу философиясы» деген қажетті терминді енгізу арқылы біз өзіміздің алғашқы құндылықтарымызға, қазақтың әуелгі философиясына қайта ораламыз. Бірақ бұл қайта оралу рухани түлеуді адамзаттың қазіргі рухани жаңаруымен, оның жетістіктерімен байланыстыру ауадай қажет. Бұл өзіміздің рухани бастауларымызға қайта оралу Інжілдегі адасқан ұлдың қайта оралуы емес, ол біздің шешілмеген мәселелерімізді түсіну мен шешу үшін қажет гуманистік қайнар көздерге, рухани құндылықтарға қайта оралу болып табылады. Сонымен қатар біз өзіміздің дәстүрлі дүниеге қатынасымыздан қазіргі әлемді тереңірек гуманистік түсінуге сәйкес келетіндерін ғана таңдағы алуға тиістіміз. Көне рухани-мәдени мұрамызға терең герменев-тикалық және компаративистік салыстырмалы философиялық талдау жасау қажет. Өткенді асыра марапаттаудан аулақ болуымыз қажет.

Қазактардың ежелгі түркілік дәүірі кезеңінде дәстүрлі дүниетанымы болғаны мамандарға белгілі. Кез келген әлеуметтік немесе рухани құбылыстың мағыналық, мазмұндық, құндылықтың көрінісі жеке адам үшін немесе бүтіндей халық үшін құтты, қайырлы болмаса, онда оның өзіндік келбеті-нің әлеуметтік субъект үшін мәні де жоғалатыны анық. Бұл тұжырымдар өз кезеңінде өткен тарихи кезеңдердегі және қазіргі таңдағы әлеуметтік үдеріске, әлеуметтік практикаға берілген жаңажақты және оның аксиологиялық сипаттама болары сөзсіз. Қазақтың ділін жақсы түсінетін адам оның ұлттық дәстүрінде материалдық құндылықтарды иеленуге ұмтылуышылық, оның қызығына дәнігушілік пен құнығушылық сияқты әдеттерді халқымыз өзінің қоғамдық санасында дәріптемейтіндігін байқатты. Сондықтан да болар мұсылмандық дүниетаным арқылы келген «қанағат», «төзімділік», «сабыр», «тауба» сияқты терең мағыналы ұғымдар халқымыздың әлемді түсіну көкжиегіне үйлесімді сіңісп кеткені көрінеді. «Қанағат қарын тойғызар» деген халқымыз әрбір нәрсенің, әрбір құбылыстың өз мөлшері, үйлесімділікке сай келетін өлшемі болады деп түсінген. Олар халықтың дүниетанымында диалектикалық, логикалық, экзистенциалдық түсініктердің қалыптасқандығын білдіретін әлемге қатаинастардың болғанының дәлелі. Бұл жағынан алғанда сан ғасырлық дәстүрлі тарихы бар Шығыстың даналығын қордалаған қытайлықтардың рухани-құндылықтың бағдарларымен біршама ұқсастығымыз да бар деуге болады. Ал, енді басқа халықтардың әлеуметтік тіршілігіндегі онтологиялық тіректі рухани дүниенің әртүрлі салаларынан таба біліп (жапондар эстетикадан, римдіктер құқықтан, гректер философиядан, қазақтар этикадан, парсылар поэзиядан және т.б.), басқа салаларды сол жүйені тұтастындыра құраушы элементтері ретінде қарастыруы шын мәнінде жалпы өмірдің терең құпиялы мәнін философиялық тұрғыда ашады.

Шынтуайтына келгенде түркі бабаларымыздың даналыққа толы құштарлығы мен тұжырымдары тек қана қазақ халқы үшін ғана емес, жалпы түркі тілдес халықтарға, бүкіл түркі әлеміне, одан кеңірек алсақ адамзат баласына рухани бағдар болып табылады. Сонау Орхон-Енисей жазбалары мен Абайдың кісілік философиясы, Шәкірімнің ар-ұят, ұждан философиясы аралығында игерілмеген, өзінің толық философиялық тұжырымдамасын жеткілікті деңгейде ала қоймаған дүниелер әлі де жеткілікті. Мәселен, халықтың діни сенімдері мен ұлттық ділі арасындағы өзара астарласу мәселесі өзінің тыңғылықты философиялық зерделеуін алуға тиісті мәселелердің қатарына жатады. Қазақтың әлемді қабылдауы батыстық ұлгілерден айрықша ұстындарға негізделген. Бұл да өзінше философиялық пайымдау мен зерделеудің түрі. Ол даналықты, саз бен сөзді жоғары қоюшы жүйе десе де болғандай. Ал қазақ халқының даналық тағылымдары аталған тарихи үлгіні, мәдени парадигманы сабактастықпен жалғастырып келе жатқан бірегей мәдениет болып табылады.

Қазақ халқының жоғарғы кісілік философиялық мәдениетіне мән беріп, назар аударған ғалымдардың көбісі халықтың дәстүрлі дүниетанымында «көркем образдар» әлемі үстемдік ететінің байқайды. Шыныменде, қазақтар әлемді ұғымдық мағынада шегелеп көрсетуден гөрі,

көркем бейнелермен астарлап өрнектегенді қалап келген халықтардың қатарына жатады. Оның бұл ерекшелігі оның кемшілігі болып есептелмейді, керісінше, ақынжанды халықтың арманшылдығын, аққөнілділігін және даналығын білдіреді. Дегенмен сан ғасырлар бойы ділге әсер еткен ауыр психологиялық соққылар мен саяси қыспактар бұл ерекшелікті біршама көміскілеп, түмшалап тастағаны байқалады.

Ал қазіргі кезеңде жаһандану үдерістері алып келген сұрықсыздық, тұтынуышылық психологиясы мен дараышылдық, өзімшілдік философиясы қазіргі замандастырылған санаына енбей қоймайды. Міне, сондықтан бұрынғы кісілікті, ізгілікті, қайырымдылықты, құтты, төзімділікті бәрінен жоғары қоятын халықтың санаы өзгерістерге, яғни трансформацияға ұшырауда. Сөйтіп, жаңа тұрпайы материалистік, прагматистік, тілті, утилитарлық сипаттағы құндылықтар жүйесі қоғамдық санада бекі түсіде. Мұндай теріс мағынадағы үдерістер Жер бетіндегі барлық халықтардың тағдырына қатысты екені байқалады. Қазақтар сол тұтастықтың бір бөлігі. Осылан орай қазақ халқының тағдыры абстрактілі мәселе емес, ол сол халықтың әрбір екілінің бақытты өмірімен, дүниетанымымен астасып жататынын айтуға болады. Ал әрбір тұлға бақытты болуы үшін халықтың ғасырлар бойы қордаланған даналыққа толы рухани байлығын итеру тиіс және әлеуметтің әрбір ғылыми мәселесін жан-жақты зерделеу әріптестеріміздің қасиетті парызы.

Жалпы философияның өзі адамдардың еркін ойлау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ілім. Оның құрылымынан дөргөнлік түрде қатып қалған көзқарастарды, түсініктерді іздеу жаңсақтық. Ол үнемі ағып жатқан өзендей түрленіп жаңғырып отыруы тиіс. Тек тоталитарлық қоғамдаған фило-софияның аясы тарылып, белгілі бір идеологиялық қалыптардың ауқымдарымен шектеліп отырылды. Әрине, ол дегенініз белгілі бір іргелі ұғымдар болмайды деген сөз емес. Қазақ дүниетанымы үшін ондай базалық негіз болған әмбебап ұғымдар бар екені белгілі. Мәселен, қазақтың дүниетаным-дық және құндылықтық әлемі этикалық ұстындарды, негізинен, адамаралық қатынастарда өзектеп, биікке шығарып, оны барлық бағдарлардан жоғары қоятындығы анық қөрсетіледі және осы ұстаным зерттеудің басымдылық танытатын әдіснамалық қағидасына айналған.

Әрбір этникалық мәдениет қазіргі кезеңде өзінің төлтумалық мәдениетін сақтау үшін ұлттық бірегейлігін, даралығын білдіретін құндылықтар жүйесіне көніл аударуда, сондықтан оны сақтауға, әрі қарай дамытуға жанталасуда. Шығыстық ділге сәйкес келетін ерекшеліктер мен батыстық өркө-ниеттік сипаттардың жетістіктерін синтездеу арқылы еліміздің өзгешелігіне сай келетін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеяны, құндылықтық бағдарды тереңірек зерттеу мәселесі түр. Бұл мақсатқа қоғамды іштей рухани жағынан біріктіру, топтастыру, ешкімді дініне, көзқарасына қарап алаламау, сөйтіп, әрбір адамның әлемдегі өзіндік құндылығын бағалау, асқақтату сияқты теориялық іргетастарға әлеуметтік қатынастар негізделген жағдайдаған қол жеткізуге болады.

Қазіргі кезеңде еліміз «Қазақстан-2050» Стратегиясы негізінде өзінің болашағын анықтау үстінде, сонымен бірге әрбір қазақстандықтың көнілінде жатқан көптеген сұрақтардың шешімі табыла бастауы мүмкін. Ал, енді экономиканы, әлеуметтік мәселелерді бір жүйеге келтіру арқылы қоғамға тиімді рухани құндылықтар жүйесін қалыптастыруға болады деген үстірт пікір бар. Себебі руханилық қолайлықтан туындалмайды. Керісінше, ол қындықты адамдар жұмыла отырып бірге жене білуге үйрену, ешкімді шыққан тегі мен түр-түсіне, өмір сүру салтына қарап шеттепеуден басталады. Ал, биік деңгейдегі руханилық пен мәдениет орныға бастаған қоғамда құндылықтар әлемі өзінің нағыз шынайы бейнесінде, өз формасында болмысын көрсетеді және адам үшін қызмет етеді, жеке тұлғаны бұл өмірде бақыт-тылыққа жеткізеді. Қазақ ойшылдарының шығармашылығында еркін ойлауға негізделген осындағы бағыттағы даналық ұлгілері көптеп кездеседі. Абайдың кісілік философиясының мәні мен маңызы да осында.

Тарихи үдерістің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, рухани сабактастыққа, бірлікке, ынтымақтастыққа негіз болатын рухани құндылықтар еркіндік пен шығармашылықтың, қайырымдылық пен ізгіліктің арқасында қалыптасады және дамиды. Адамның әлемге қатынасын айқындаушы факторлар Ақиқаттың зандылығымен, оның үйлесімділікке толы ұстанымдарымен астасып жатады. Ал енді бір кезеңдерде әткен көшпелі мәдениетке сай құндылықтар жүйесі өзінің ділінде адамның табиғатпен үйлесімділігін дәріптеумен ерекшеленеді. Дәстурлі қоғамның рухани құндылықтары көбінесе адамды тұрақтылыққа, әсемдікке жетелейді, оның бойындағы бояулар нәзік лирикамен көмкерілген, техногендік прагматизмнен, утилитаризмнен алыстау болып келеді.

Сондықтан қазіргі заманның өркениетті бағдарлары, ақпараттық технология мен нанотехнологияға бетбұрған постиндустриалдық дамуы дәстүрлі қоғамның рухани байлығын тұтастай жокқа шығармауы тиіс, оны тиісті жерінде бейімдеп пайдалана білгені жөн.

Тәуелсіз мемлекет, асылы, айқын мәдени және рухани-адамгершілік бағдарсыз ойдағыдан дамымайды. Өткеннің барлығы із-түзісінде жоғалып кетпейді. Оның есесінде ұлт санаасында ертеғі-аныз, эпос халықтың философиялық пайымдау жүйесінің өзегі болып, тарихтың қатпар-қатпар қойнауында жинала бермекші. Егер Қазақстанға жағырапиялық және әлеуметтік-мәдени шолу жасасақ, біздің еліміз Батыс пен Шығыс және ежелгі өркениетті Қытайдың қақ ортасында орналасқан. Бұл фактор қазақ халқының кешегі, бүтінгі және болашақтағы рухани болмысына, құндылықтар әлеміне және дүниетанымына әсерін тигізбей қоймайды. Ендеше біз үшін мәдениеттің экономика мен саясатқа қарағанда артықшылығы басымырақ. Дәстүрлі қазақ қоғамын осындағы өркениеттік әдіснама бағытында зерттеу қомақты филосо-фиялық нағызжелерге жетелейді.

Кеңестік дәуірден кейінгі уақытта қазақ және түркі философиясы арасындағы рухани-мәдени байланысты терендету мәселесі өзекті бола түсіде. Сонымен қатар XX ғасырда кең дами бастаған жаңа философиялық ойлау мен пайымдау типтерін игеру маңызды болып отыр. Өйткені оларда демо-кратиялық мәдениеттің, азаматтық қоғамның қалыптасуы, рационалдықтың жаңа моделі көрсетілген. Бұл тәжірибе біздің ұлттық ерекшелігімізді ескере отырып, ұлттық философиямыз бен мәдениетімізді атамекенде өркендетуге теориялық-әдіснамалық көмек береді, басқа мәдени кеңістіктермен сұхбаттық қатынаста болуға шақырады.

Теоретико-методологические основы исследования истории казахской философии

Касабек А.К., профессор Жетысусского государственного университета им. И.Жансугурова, доктор философских наук, профессор.

Нысанбаев А. Н., советник директора Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор.

Нурмуратов С.Е., заместитель директора Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор философских наук, профессор.

Аннотация: Концептуально-мировоззренческой основой исследования казахской философии должно стать историко-философское осмысление этического и аксиологического содержания тюркского и казахского миропонимания, определение исторической рациональности, менталитета и ценностных ориентаций народа.

Впервые в казахстанской и мировой философии вводится представление о целостной природе казахской философской мысли в историческом процессе, что позволяет принципиально по-новому взглянуть на сущность этнофилософии. Особенности этнофилософии состоит в ее постоянно осуществляющейся духовной преемственности, которая пока еще представлена в исследовательских изысканиях дискретно и поверхностно.

При этом духовная преемственность народа принципиально отличается от простой последовательности исторических событий, буквально по всем параметрам – от мифологических понятий тюркского мира до формирования целостного мировоззрения казахского этноса в этнокультурном развитии.

Кроме того, вводится представление о целостной природе казахской философской мысли в историческом процессе, что позволяет принципиально по-новому взглянуть на сущность этнофилософии.

Ключевые слова: Казахская философия, просветительство, духовность, история, идея, независимость.

Kasabek Amanzhol Kasabekovich, professor of Zhetysu State University named after I. Zhansugurov, Doctor of Philosophical Sciences, professor.

Nisanbayev Abdumalik Nisanbayevich, Advisor of Director of the Institute for Philosophy and Political Science, Religions Studies of SC, MES RK, Academician of NAS of RK, Doctor of Philosophical Sciences, professor.

Nurmuratov Serik Esentayevich, Deputy Director of the Institute for Philosophy, political science and religions studies, SC MES RK, Doctor of Philosophical Sciences, professor.

Поступила 11.09.2015 г